Мемлекеттік сатып алу туралы
№ 30 КЕЛІСІМ ШАРТ

Шымкент қаласы **«25» мамыр 2015 ж**

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын **Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат және дін істері басқармасының «Әлеуметтік бастамалар орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі** атынан директор Тұрсынбай Нұржан Арыстанбекұлы бір тараптан Ереже негізінде іс-әрекет ететін және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын «Асыл-Мұра» қоғамдық бірлестігі атынан Жарғысы негізінде іс-әрекет ететін Маймаков Ғаппар Казыбекович екінші тараптан, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы мен 2015 жылғы 21 мамырдағы «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік-маңызды жобаларды орындау қызметтерін мемлекеттік сатып алу бойынша» конкурстың қорытынды хаттамасы негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы бюджеттік бағдарлама 003 «Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау», бағдарламаша 015 «жергілікті бюджет қаражаты есебінен», ерекшелік атауы 155 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтерге ақы төлеу» бойынша мемлекеттік сатып алу туралы осы келісім-шартты жасасты және төмендегідей келісімге келді:

1. Келісім шарттың мәні

1.1. «Тапсырыс беруші» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында діни бірлестіктер мен филиалдары және оларға келушілер тарапынан түскен сұраныстарға сәйкес ҚР "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы және басқа да заңдылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер тұрғысында түсініктеме беру бойынша кездесулер өткізу» тапсырыс береді және төлеуге міндеттенеді, ал «Өнім беруші» «Дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында діни бірлестіктер мен филиалдары және оларға келушілер тарапынан түскен сұраныстарға сәйкес ҚР "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы және басқа да заңдылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер тұрғысында түсініктеме беру бойынша кездесулер өткізу» қызметтерін 1- ші қосымшаға сәйкес орындауға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. «Өнім беруші» міндетті:

1) Осы келісім шартта көрсетілген көлемде және мерзімде, тиісті сапада қызмет көрсетуге;

2) «Тапсырыс берушіге» көрсетілген қызметтер туралы ай сайын есеп беріп тұруға;

3) «Тапсырыс берушінің» талаптары бойынша (7) жеті күнтізбелік күн ішінде келісімшарттың ережелерінен ауытқу бойынша жіберілген кемшіліктерді (қызмет сапасы нашарласа) қатаң жауапкершілікке заң аясында тартылады;

4) Осы келісім шартта көзделген қызметтерді дербес өз атынан және өз есебінен көрсетуге;

2.2. «Өнім беруші» құқылы:

1) «Тапсырыс берушіден» осы келісім шарт аясында қызметтер көрсету үшін қажетті ақпараттарды, яғни осындай ақпараттың «Тапсырыс берушінің» өкілдігінде бар екенін, осы ақпаратты ұсынуда «Тапсырыс берушіден» қосымша материалдар мен материалдық емес шығындардың талап етілмейтіндігін және осы келісімшарт бойынша «Өнім берушінің міндеттемелерін орындауы өзгертілмейтіндігін білуге;

2) «Тапсырыс берушіден» осы келісім шарт аясында «Өнім берушінің» көрсететін қызметтерге, егер осы келісім шартқа қайшы келмейтін болса, «Тапсырыс берушіден» қосымша материалдық және материалдық емес шығындар қажет етпесе, осы келісім шарт бойынша «Өнім берушінің» міндеттемелерін өзгертуге бағытталмаған жағдайда сапасын көтеруге және қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған нұсқамалар алуға.

2.3. «Тапсырыс беруші» міндетті:

1) «Өнім беруші» (оның сұрауы бойынша) «Тапсырыс беруші» талаптарының негізінде қажетті мәліметтерді (ақпараттарды, ұсыныстарды) ұсынуға;

2) «Өнім берушіден» ол орындаған және осы келісім шарттың талаптарына жауап беретін қызметтерді қабылдауға және қызметтерді қабылдағанын тиісті актімен растауға;

3) «Өнім беруші» көрсеткен қызметтеріне осы келісім шартта көрсетілген көлемде және мерзімде төлемақы жасауға.

2.4. «Тапсырыс берушінің» құқықтары:

1) «Өнім берушінің» қызметіне араласпай осы келісім шарт аясында жеткізіп беруші орындайтын қызметтердің барысына және сапасына кез-келген уақытта бақылау жүргізуге;

2) Одан әрі қарай орындалуы мақсатына сай келмеген жағдайда «Өнім берушіге» тиісті жазбаша хабарлама жолдай отырып, келісім шартты кез-келген уақытта бұзуға;

2.5. «Өнім беруші» өзінің қандай да бір міндеттемелерін (толығымен немесе ішінара) осы келісім шарт аясында «Тапсырыс берушінің» алдын ала жазбаша келісімінсіз басқа біреуге беруге құқы жоқ.

3. Көрсетілген қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

3.1. «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» қызметтерді орындағаны туралы есепті және көрсетілген қызметтерді орындау актісін ұсынады.

3.2. Өткізу-қабылдау актісінде:

1) көрсетілген қызметтердің атауы;

2) көрсетілген қызметтердің нақты көлемі;

3) көрсетілген қызметтердің осы келісім шартта көзделгеніндей, есепті кезең ішіндегі көлемінің жалпы қызмет көлеміне пайыздық пропорционал қатынасы;

4) көрсетілген қызметтердің бағасы көрсетіледі.

3.3. Тапсыру-қабылдау есебіне және актісіне келісімшарттағы Тараптардың келісімі бойынша басқа да мәліметтер енгізілуі мүмкін.

3.4. Осы келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтің орындау мерзімі **2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін**.

4. «Өнім берушінің» қызметтеріне төлемақы мөлшері және төлеу тәртібі

4.1. Келісім шарттың **«Дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында діни бірлестіктер мен филиалдары және оларға келушілер тарапынан түскен сұраныстарға сәйкес ҚР "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы және басқа да заңдылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер тұрғысында түсініктеме беру бойынша кездесулер өткізу»** жалпы сомасы **2 980 000-00 (екі миллион тоғыз жүз сексен мың)** теңгені 00 тиынды құрайды

1) «Өнім беруші» ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген.

3) Келісім шарт бойынша төлем: шот-фактура және қызметтерді атқару актісіне байланысты, көрсетілген қызметтер орындалғаннан кейін **2015 жылдың 31 желтоқсанына** дейін төленеді.

4.3. «Өнім берушінің» қызметтерінің 4.1. тармақта көрсетілген бағасына «Өнім берушінің» осы келісім шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты барлық шығынды және сыйақысы (мүддесі) қосыла есептеледі.

4.4. «Өнім берушінің» қызметтеріне «Тапсырыс беруші» мынадай тәртіпте төлемақы жүргізеді:

1) төлемақы бір айдан соң өткізу - қабылдау актісіне сәйкес көрсетілген қызметтердің нақты көлеміне пропорционалдық жабу есебімен жүргізеді.

2) түпкілікті есеп айырысу «Өнім беруші» осы келісімшарт бойынша міндеттемелерін толық орындалғаннан кейін.

4.5. «Өнім берушінің» қызметтеріне төлемақыны «Тапсырыс беруші» «Өнім берушінің» осы келісім шартта көрсетілген есеп шотқа ақша аудару арқылы жүзеге асырады. Төлемге қажетті құжаттар өткізу қабылдау актісі және «Өнім берушінің» шот-фактурасы болып табылады.

5. Міндеттемелердің орындалуына жауапкершілік

5.1. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, егер «Өнім берушімен» жұмыс кестесінде көзделген жұмыстар өз уақытында орындалмайтын болса, «Тапсырыс беруші» өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін жұмыс көлемінен 1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

5.2 Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, егер «Өнім беруші» тауарларды Шартта көзделген мерзімде жеткізіп бере алмайтын болса, «Тапсырыс беруші» өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

5.3. «Өнім беруші» шартты орындаудан бас тартқан жағдайда немесе шарт «Өнім берушінің» кінәсінен бұзылса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» Шарттың жалпы сомасынан 10 пайыз мөлшерде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеуі қажет.

5.4. Жұмыс ішінара немесе толық орындалмаған жағдайда «Өнім беруші» 5 күннен кешіктірмей аванстың жалпы сомасы мен көрсетілген қызметтердің құны арасындағы айырмашылық бөлігінде төленген аванстық төлем сомасын қайтаруы қажет.

5.5 Егер «Өнім беруші» шарт бойынша төленген аванстық төлемді 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктіріп қайтармаған жағдайда, тиісінше аванстың сомасынан әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін 0,1 пайыз мөлшерінде өсімақыны осы тармақ бойынша міндеттемені толық орындағанға дейін төлейді. Аванстық қайтару міндеттемесі осы Шарттың мерзіміне қарамастан қолданылады.

5.6 Айыппұл және тұрақсыздық төлемі «Тапсырыс беруші» тарапынан келісімшарт бұзылмаған жағдайда «Өнім беруші» орындауы тиіс қызметтері мен кемшіліктерді алып тастауға жол берілмейді.

5.7. Қосалқы орындаушылардың болуы «Өнім берушінің» осы келісімшарт бойынша материалды және басқа жауапкершіліктен босатпайды.

5.8. Осы келісімшартта қарастырылмаған жауапкершілік шаралары ҚР аумағында қолданыстағы азаматтық заңдылықтар нормаларына сәйкес жүзеге асады.

5.9 Кепілдік мерзім ішінде нысандағы ақаулар мен кемшіліктерді жою бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін өнім беруші тапсырысшыға шарттың жалпы құннан 5% тұрақсыздықты (айыппұл) төлейді, «бұл ретте, өнім беруші пайдалану нәтижесінде пайда болған нысанның барлық кемшіліктері мен ақауларын өз қаражаты есебінен жою жөніндегі міндеттемелерінің орындауынан босатылмайды»;

- Келісім-шартта қаралған тұрақсыздық пен айыппұл санкциялары тұрақсыздықты және айыппұл санкциясын төлеу туралы тапсырысшының талаптарын алған күннен бастап өнім беруші бес жұмыс күн ішінде төлеуі керек. Төлем жасалғандығын дәлелдеу үшін өнім беруші осы пунктің белгіленген мерзімінде берілген төлемдерді растайтын төлем құжатын тапсырысшыға ұсынуға міндетті.

6. Форс-мажорлық жағдайлар

6.1.Тараптар осы Келісім шартта бекітілгеннен кейін, тараптардың алдын алуына немесе тиімді шаралар қолдануы мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлардың нәтижесінде толық және ішінара орындай алмай қалған міндеттемелерінен босатылады.

6.2. Осы келісім шарттың мақсатына орай "форс-мажор" «Өнім беруші» тарапынан болған бақылауға бағынбайтын, «Өнім беруші» есебі мен сақтығына байланысты емес, болжауға бағынбайтын жағдайларды қамтиды. Мұндай жағдайларға әскери іс-әрекеттер, табиғи немесе зілзалалық апаттар, эпидемия, карантин, мемлекеттік орган мен басқарудың шығарған актісі кіреді, бірақ іс-шаралармен шектелмейді.

6.3. Форс-мажорлық мәселелер орын алған жағдайда «Өнім беруші» жедел түрде оның себептері туралы «Тапсырыс берушіге» жазбаша түрде хабарлама жолдауы тиіс. Егер «Тапсырыс берушіден» басқалай жазбаша нұсқама түспеген болса, «Өнім беруші» мақсатты түрде болғандықтан келісім шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастыра береді және форс-мажор жағдайына қатысы жоқ Келісім шартты орындайтын баламалы әдістерін іздестіреді.

7. Ерекше жағдайлар

7.1. «Өнім беруші» «Тапсырыс берушінің» алдын ала жазбаша келісімінсіз келісім шарттың мазмұнын немесе қандай да бір ережесін, сондай-ақ «Тапсырыс беруші» немесе осы келісім шартты орындау үшін «Өнім беруші» тартып отырған тұлғадан тыс оның атынан келген басқа адамдар ұсынған ақпараттарды ашып қарамауы тиіс. Көрсетілген ақпарат ол тұлғаға құпия түрде және келісім шарттағы міндеттемелердің орындалуына қажетті дәрежеде ұсынылуы тиіс.

7.2. «Өнім беруші» «Тапсырыс берушінің» алдын ала жазбаша келісімінсіз одан алынған құжаттарды немесе ақпараттарды, келісім шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа тұрғыда пайдаланбауы тиіс.

7.3. Осы келісім шарттың орындалуына байланысты төленетін салықтар мен бюджетке міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңдылықтарына сәйкес есептелінеді және төленеді.

8. Даулы мәселелердің шешілуі

8.1. «Тапсырыс беруші» мен «Өнім беруші» келісім шарт бойынша өз араларында орын алған келіспеушіліктер мен даулы мәселелердің барлығын тікелей өзара келіссөз арқылы шешуге бар мүмкіндіктерін жұмсауы тиіс.

Егер мұндай келіс сөздер басталғаннан кейін 21 /жиырма бір/ күн ішінде «Тапсырыс беруші» мен «Өнім беруші» келісім шарт бойынша даулы мәселені шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес шешілуін талап ете алады.

8.2. Егер даулы мәселелер мен келіспеушіліктер келіссөз жолымен реттелмеген жағдайда олар Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған тәртіппен сот арқылы шешуге жатады.

9. Келісім шарттың әрекет тәртібі

9.1. Осы Келісім шарт оны «Тапсырыс беруші» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық Қазынашылық бөлімінде тіркеуге алынған сәттен бастап күшіне енеді және **2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін** қолданыста болады.

9.2. «Тапсырыс беруші» егер «Өнім беруші» банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болған жағдайда кез келген уақытта «Өнім берушіге» тиісті хабарламаны жазбаша жолдау арқылы келісім шартты бұза алады. Келісім шарт жедел түрде бұзылады, ал келісім шарттың бұзылуы «Тапсырыс берушіге» және берілетін санкцияны қолдануға немесе іс-әрекет жасаудың қандай да бір құқына қатысы жоқ болған немесе шығынға қатысы жоқ болған немесе шығын ұшыраған жағдайда «Өнім берушіге» ешқандай да қаржылық міндет жүктелмейді.

9.3. «Тапсырыс беруші» келісім шарттың одан әрі орындалуын қажетсіз деп тапса «Өнім берушіге» тиісті жазбаша хабарлама беру арқылы оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада келісімшарттың бұзылу себебі, жойылған келісімдік міндеттемелердің ауқымы, сондай-ақ келісімшартты бұзудың күшіне енетін күні көрсетілуі тиіс.

Келісім шарт осындай жағдайда жойылғанда «Өнім беруші» келісім шартқа байланысты тек нақты шығындардың ғана келісім шарт бұзылған күнге дейінгі төлемін талап етуге құқылы.

9.4. Тараптардың бір жағы екінші жағына келісім шартқа сәйкес жолдайтын кез -келген хабарлама нұсқасы хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі, түпнұсқасын кейін ұсынады. Хабарлама жеткізіп берілген соң немесе күшіне енген күні көрсетілсе /егер ол хабарламада көрсетілген болса/ ол датаның қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

9.5 Келісім шартқа Қазақстан Республикасы заңына қарсы келмейтін өзгерістер мен қосымшалар енгізілуі мүмкін. Қосымшалар мен өзгерістер Тараптардың екеуі де қол қойған, осы Келісім шарттың бөлінбес бөлігі болып табылатын жазбаша Келісім нұсқасында рәсімделеді.

9.6 Келісім шарт мемлекеттік тілде түзіледі. Келісімшартқа қатысты барлық жазбаша қатынастар және басқа да тараптар алмасатын құжаттар осы ережелерге сәйкес болуы тиіс.

9.7 Келісім шарт екі баспа дана нұсқада жасалды. Барлық данасы бір тектес және заңды күші бірдей. Әр тараптың қолында келісімшарттың бір дана түпнұсқасы болуы тиіс.

Тараптардың мекен-жайлары және реквизиттері:

Тапсырыс беруші	**Өнім беруші**
ОҚО ішкі саясат және дін істері басқармасының «Әлеуметтік бастамалар орталығы» МКМ-сі Шымкент қаласы, Мадели Қожа көшесі, 1Г БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ42070102 KSN5801000 БСН 111040010270 ОҚО Қазынашылық департаменті, Шымкент қаласы **Директор** _____ **Н.А Тұрсынбай** (қолы) **М.О.**	«Асыл-Мұра» қоғамдық бірлестігі ОҚО, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, №86А үй, 47 пәтер БИК- KZKOKZKX БИН-000 340 006 891 ИИК-KZ 429 260 801 114 756 000 АҚ «Казкоммерцбанк» Шымкент қ. **Төрағасы** _____ **Ғ.Маймаков** (қолы) **М.О.**

2015 жылғы 25 мамырдағы №30 келісім-шарттың №1 қосымшасы

Лот №	Қызмет көрсетудің атауы	Техникалық тапсырма
3	Дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында діни бірлестіктер мен филиалдары және оларға келушілер тарапынан түскен сұраныстарға сәйкес ҚР "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы және басқа да заңдылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер тұрғысында түсініктеме беру бойынша кездесулер өткізу	- Оңтүстік Қазақстан облысының қала, аудан орталықтарын қамти отырып кемінде 80 кездесулер өткізу; - Іс-шараның бағдарламасын дайындау, тапсырыс берушімен келісу; - Кездесулердің кестесін дайындау, тапсырыс берушімен келісу; - Іс-шараға діntанушылар, теологтар, заңгерлер, саясаттанушылар және дін саласындағы мекеме қызметкерлерінің (кемінде 4 адам, әр кездесуге 1 адамнан) қатысуын ұйымдастыру (тізімін тапсырыс берушімен келісу), оларды автокөлікпен, тамақпен және қажет болған жағдайда қонақ үйімен қамтамасыз ету; - Лектор жұмысының төлемақысы (бір кездесуге кемінде 5000 теңге); -Кемінде 20 беттік қажетті арнайы материалдар (буклеттер, брошюралар) шығару, кездесулер барасында тарату, мазмұнын және санын тапсырыс берушімен келісу; - Іс-шараның маңызды кезеңдері мен қорытындыларын мерзімді және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық сүйемелдеу; - Аталған іс-шараның орындалуы бойынша толық кепілдеме хат беру (құжат нотариалды куәләндірілуі тиіс);

Жалпы соммасы 2 980 000-00 (екі миллион тоғыз жүз сексен мың) теңге 00 тиын.

Тапсырыс беруші	Өнім беруші
ОҚО ішкі саясат және дін істері басқармасының «Әлеуметтік бастамалар орталығы» МКМ-сі Шымкент қаласы, Мадели Қожа көшесі, 1Г БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ42070102 KSN5801000 БСН 111040010270 ОҚО Қазынашылық департаменті, Шымкент қаласы **Директор** **И.А Тұрсынбай** (қолы) **М.О.**	«Асыл-Мұра» қоғамдық бірлестігі ОҚО, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, №86А үй, 47 пәтер БИК- KZKOKZKX БИН-000 340 006 891 ИИК-KZ 429 260 801 114 756 000 АҚ «Казкоммерцбанк» Шымкент қ. **Төрағасы** **Ғ.Маймаков** (қолы) **М.О.**